

«Күләш Байсейітова атындағы
Қазақ ұлттық өнер университеті»

РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен

БЕКІТІЛДІ

«17» апрель 2026 ж.

№ 9 хаттама

Ғылыми кеңестің төрағасы

Г.А. Ахмедьяров

**«КҮЛӘШ БАЙСЕЙІТОВА АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ» РММ**

ҚАБЫЛДАУ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.

**ТАЛАПКЕР «КҮЛӘШ БАЙСЕЙІТОВА АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰӨУ» МАГИСТРАТУРАСЫНА ТҮСУДІҢ ҚАБЫЛДАУ
ЕРЕЖЕСІМЕН ТАНЫСУЫ ТИІС!**

ЕМТИХАН ТАЛАПТАРЫ:

✓ **МАГИСТРАТУРА**

• **М023-АСПАПТЫҚ ОРЫНДАУ**

• **7М02108 - АСПАПТЫҚ ОРЫНДАУ (ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША) - «ФОРТЕПИАНО»**

Кафедра атауы	Білім беру бағдарламасының атауы	Топ	Алдыңғы білімі: бакалавриат (бейіні бойынша сәйкестік)	Шекті балл
«Фортепиано және орган»	7М02108 – аспаптық орындау (түрлері бойынша) – «фортепиано»	Қазақ Орыс	Білім беру бағдарламасы «аспаптық орындау – фортепиано»	75 грант және ақылы

1. БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

Бағдарламаны орындау;

1. Прелюдия мен фуга (И. С. Бах, Д. Д. Шостакович және т. б.);
2. Соната (1 немесе 2-3 б.) немесе вариациялар (Й. Гайдн, В. Моцарт, Л. Бетховен, Ф. Шуберт және т. б.);
3. Виртуоздық этюд (А. Скрябин, С. Рахманинов, Ф. Лист, Ф. Шопен және т. б.);
4. Кеңейтілген пьеса (талапкердің таңдауы бойынша);
5. Қазақстан композиторының немесе талапкер елінің композиторының шығармасы.

2. ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН РЕФЕРАТТЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ СҰХБАТТАСУ.

Болашақ ғылыми зерттеу тақырыбының Реферат негіздемесін талапкер алдын ала белгіленген мерзімде қабылдау комиссиясына тапсырады. Рефератқа білім немесе ғылым мекемесінде (ҒЗИ) жұмыс істейтін ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінде дәрежесі (ғылым докторы немесе кандидаты немесе PhD (бейіні бойынша философия докторы, академиялық дәрежесі) бар ғалым қол қойған **1 РЕЦЕНЗИЯ** ұсынылуы тиіс. Рецензия рецензенттің жұмыс орны бойынша расталуы тиіс.

Рефератқа қойылатын талаптар:

1. Реферат тақырыбы мамандандыру профиліне сәйкес келуі керек.
2. Көлемі: 20-25 бет (титулдық бет, мазмұны мен қолданылған әдебиеттер тізімін қоса алғанда)
3. Реферат құрылымы және рәсімделуі:
 - титулдық бет;
 - кіріспе (өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, зерттеу пәні мен нысаны, зерттеу тәсілдері, тақырыптың зерттелу деңгейі, жаңашылдығы, зерттеудің практикалық және теориялық маңызы, құрылымы мен рефераттың жалпы көлемі);
 - реферат мазмұны (зерттеу мазмұнын айқындайтын тараулары мен тараушалары);
 - қорытынды;
 - қолданылған әдебиеттер тізімі;
 - қосымшалар (рефераттың жалпы бет көлеміне енбейді).
- 4 Рефераттың рәсімделуі:
 - Қаріп – Times New Roman, қаріптің өлшемі – 14;

- Интервал – бір;

- Шеттері: жоғары және төменгі – 2 см, сол жағы – 3 см, оң жағы – 1,5 см.;

- Абзац шегінісі – 1 см.

Реферат мәтінінде міндетті түрде пайдаланылған дереккөздерге сілтемелер көрсетіледі және Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптары бойынша рәсімделген пайдаланылған дереккөздер/материалдар мен әдебиеттер жеке көрсетіледі.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАННЫҢ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ:

Бағалаудың балдық көрсеткіші I шығармашылық емтихан	Бағалау критерийлері I - шығармашылық емтихан	Бағалаудың балдық көрсеткіші II шығармашылық емтихан	Бағалау критерийлері II - шығармашылық емтихан
32-35	Жарқын тұлғамен ұштасатын көркем орындау, әр түрлі стильдегі шығармаларды түсіндірудегі кең білімінің бар болғаны, орындалатын шығарманың мазмұнын, формасын және стилін талдай біледі. Көркем образды бейнелеу үшін, ұтымды орындау тәсілдерін толықтай меңгерген.	32-35	Зерттеудің өзекті мәселесін сәтті негіздеді, эрудицияның жоғары деңгейін, терең аналитикалық ойлауды көрсетті, ғылыми аппаратқа ие, нақты мақсат қояды және мәселелерді шешу жолдарын біледі. Жұмыстың ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы негізделген. Зерттелетін мәселенің тарихы, теориясы мен әдіснамасы саласындағы білімнің сапалы деңгейін көрсетеді. Ұсынылған материал талаптарға сай келеді (мәтін кемінде 20 бет).
28-31	Орындалған шығармалардың көркем бейнесін нанымды түсіндіреді. Орындалып жатқан шығарманың мазмұнын, формасы мен стилін сапалы талдай біледі, көркем образды бейнелеуде ұтымды орындау тәсілдерін жақсы меңгерген	28-31	Талапкер мақсат пен міндеттерді жақсы тұжырымдады, мәселенің өзектілігін негіздеді, зерттеудің негізгі ережелерін қисынды түрде баяндады, қарастырылып отырған мәселенің теориясы мен әдіснамасы мәселелері бойынша білімнің жақсы деңгейін көрсетті. Берілген материал талаптарға сай келеді (мәтін кемінде 20 бет).
24-27	Әр түрлі стильдегі шығармаларды	24-27	Талапкер зерттеудің мақсат пен

	түсіндірудегі терең білім, білік және дағдының жеткіліксізділігі.		міндеттерін жақсы тұжырымдалды, негізгі ережелерін жақсы көрсетті,
	Орындалған шығарманың мазмұнын, формасы мен стилін сапалы талдай біледі, көркем бейнені бейнелеуде ұтымды орындау тәсілдерін жақсы меңгерген		алайда зерттелетін мәселенің теориялық және әдіснамалық мәселелері бойынша білім деңгейі орташа болды. Ұсынылған материал талаптарға сай келеді (мәтін кемінде 15 бет).
20-23	Техникалық қателіктері бар орындау. Орындалған шығарманың мазмұнына, формасына және стиліне үстірт талдау жасауы, көркем образды бейнелеу үшін орындау тәсілдерінің сәйкестігінің болмауы	20-23	Талапкер зерттеудің негізгі ережелерін жақсы көрсетті, мақсат пен қойылған міндеттерді түсінеді, алайда зерттелетін мәселенің теориялық және әдіснамалық аспектілері бойынша білімі жеткіліксіз екенін байқатты.
16-19	Жарқын орындаушылық даралықтың жоқтығы, шығармаларды түсіндірудегі таяз білімінің болуы. Мәтіндік қателері, фортепиано техникасын және дыбыс сапасын жеткіліксіз меңгергені	16-19	Талапкер зерттеу проблемасының мәнін нашар түсінеді, жазбаша ғылыми баяндау дағдылары жеткіліксіз, тақырып өзектілігінің дәлелденуі шектеулі. Ғылыми аппаратты нашар меңгерген, жұмыс көлемі аз (15 бет).
12-15	Әртүрлі стильдегі шығармаларды түсіндіруде білім, білік және дағдының жеткіліксіздігі: орындалатын шығарманың мазмұнына, формасына және стиліне кәсіби сапасыз талдау, көркем бейнені бейнелеудің ұтымды орындау тәсілдерін жеткіліксіз білу.	12-15	Мақсат пен міндеттер тұжырымдалған, бірақ зерттеудің практикалық және теориялық маңыздылығы туралы түсінігі аз, жұмыстың өзектілігі туралы нақты негіздеме жоқ, жұмыс көлемі аз (15 немесе одан аз бет).
7-11	Әр дәуірдегі орындалған шығармалардың стильдік сәйкестігін түсінбеу; орындалатын шығарманың мазмұнын,	7-11	Зерттеудің өзектілігі, теориялық және практикалық маңыздылығы көрсетілмеген, ғылыми аппаратты толық меңгермеген,


	формасын сапалы талдау кабілетінің жеткіліксіздігі,		тақырыбы мамандандыру профиліне сәйкес келмейді.
	орындау техникасының көркем образды бейнелеу құралдарына сәйкестігінің болмауы.		
0-6	Келесі емтиханға өтпейді	0-6	Жұмыс ғылыми зерттеу рефератын рәсімдеу талпауларына сәйкес емес. Өтпейді.

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТ:

Шығармашылық емтиханның сұрақтары бойынша: bekzakhmerov@gmail.com.

Оқуға түсудің жалпы мәселелері: Kaznui.priem@gmail.com

Факультет Деканы: Останькович Дмитрий Валерьевич



Кафедра меңгерушісі: Ахмеров Бекзат Бекболатович

